

## ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мұратова Санболған Мұратқызы

[sanbolgan8282@mail.ru](mailto:sanbolgan8282@mail.ru)

Білім беру бағдарламасы 7М01301-Білім беру менеджменті  
Атырау университеті Х. Досмұхамедов, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекші, п.ғ.к. қауымдастырылған профессор - Утешкалиева А.М.

Егеменді еліміздің еңсесін тік ұстап, ел мерейін үстем етіп, оны дамушы елдермен терезесі тең дәрежеде дамытатын бүгінгі оқушы – ертеңгі болашаққа сенім артатындықтан, сапалы білімді, саналы оқушы тәрбиелеу ісі білім беру мекемесінің еншісінде.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы.

Дамыта оқыту технологиясы оқушының оқуы, білім алу процесінде жан-жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды. Дамыта оқытудың идеясын әдіскер-ғалым

В. В. Давыдов ұсынған. Даму дегенде оқушының ойлауы, табандылығы, зейіні, оқу-дағдысы мен іскерлігі, қабілеттерін дамытуды айтамыз.

Оқушының ойлау дамуының маңызды шарттары – оқушыда ойлау мәдениетінің болуы. Оқу процесі оқушылардың анализдеу, синтездеу, себеп-салдар байланыстарын табу, жалпылау, қорытынды жасау, түрлерге бөлу, салыстыру – сияқты интеллектуалдық дағдыларын дамытуы тиіс.

Оқу процесінде көптеген оқушылардың ақыл-ой қабілеттері жұмыс істейді. Олар: болжам жасауға қабілетті, ойлаудың шолғыштығын (идея тудыруға бейімділігін), жалпы қабылданаған көзқарастарға сын көзімен қарауы, ойдың икемділігі (бір идеядан басқасына тез өтуі), құбылыстардың байқалауы қиын ұқсастықтарын аңғаруы, білуге құмарлығы (айналадағы ортаның проблемаларын сезіну).

Оқушылардың осындай ақыл-ой қабілеттерін дамыту – дамыта оқыту технологиясының негізгі мақсаттарының бірі.

Конвергентті, бір ғана дұрыс жауабы болатын және ол қатаң алгоритмдермен табылатын тапсырмалар қарастырылады.

Дамыта оқуда оқу процесінде дивергентті, көптеген дұрыс жауаптары болатын тапсырмаларды да енгізіп отыру ұсынылады.

Дамыта оқыту технологиясында оқушы барлық оқу әрекетін мұғалім басшылық, бағыттау жасап отырады.

Дамыта оқыту оқушыны ойлау қызметімен қатар, олардың оқу-білігін дамытуды көздейді.

Дамыта оқыту – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы - жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала

психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады.

Бастауыш мектептен балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, оқыту, қоршаған орт жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Дамыта оқытудың да басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетін де сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық санада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік – экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше, оқушы да шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема болып ойландыруы тиіс. Себебі, өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек қана шығармашыл адамдар қолынан ғана келеді. Бұл мәселені шешуде алғашқы сатыларының бір бастауыш мектеп ерекше орын алады. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ерте зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болған. Шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сан, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдері іздестіру болып табылады.

“Шығармашылық” сөзінің этимологиясы “шығару”, “ойлап табу” деген. Жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «шығармашылық қайталанбайтын, тарихи - қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс – әрекет» - деп түсіндіріледі. (Философия сөздік 42 283 б) Көрнекті психолог Л.С. Выготский “шығармашылық” деп жаңалық әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.А. Пономарев оны “даму” ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін дамытудың негізгі факторы болып олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл — ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары дейді.

Дамыта оқытуды ұйымдастыруды балаға ақыл — ой әрекетін меңгертуге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту — сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым — қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс — әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана бала интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқыту идеясының ұзақ тарихы бар. Ерте кезден бастап — ақ, ойшылдар білім мен ақыл — ой тәрбиесінің ара — қатынасын, олардың бала дамуына әсерін зерттей бастаған. Бізге белгілі алғашқы дидактиктердің бірі Квинтилиан мектеп алдына, ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның ойының және тілінің дамуын қамтамасыз ету міндетін қойған. Дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов болса, екіншісін Л.В. Занков басқарған.

Дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин — В.В. Давыдов жасаған жүйесінің көздеген мақсаттарына жету баланың өзінің белсенділігіне байланысты. бұл жүйенің әдіс — тәсілдері де оқушының оқу белсенділігін ұйымдастыру, қолдап, көмектесіп отыруды көздейді. Бұл жүйемен дәстүрлі оқытуды салыстыру әдістерінің мәні төмендегідей

3 құрамдас бөліктермен анықталады :

1. Үлгіні көрсету .
2. Түсіндіру.
3. Бақылу және бағалау.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарға ұсынылады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа жағдайды шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей ахуалға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады

1. Оқу мақсатты.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру .
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі — дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин — В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады . Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді .

Дамыта оқытудың Л.В. Занков жасаған жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталсақ. Бұл жүйе дәстүрлі оқытудан төмендегі ерекшеліктерімен , өзгешеліктерімен айқындалады

оқыту мазмұнындағы өзгешеліктер ;

- ✓ мақсаттардағы айырмашылықтар ;
- ✓ дидактикалық принциптердің өзгешіліктері ;
- ✓ әдіс-тәсілдердің өзгешіліктері;
- ✓ оқытудың өзгеше ұйымдастырылуы;
- ✓ мұғалім еңбегінің нәтежиесі;
- ✓ мұғалім мен оқушының арасындағы жаңашылдық қатынастар.

Л.В. Занков жүйесіне сәйкес бастауыш мектептің негізгі мақсаты-баланы жалпы дамыту және практикалық іс-әрекеттің меңгеруі қабылданады. Сондай-ақ, ақыл, ерік- жігері, сезімдерінің дамуы алынады.

Оқушы дамуының негізі-оқу әрекеті. Оқу әрекеті-әрбір сабақтың өзегі. Дамыта оқыту оқу әрекетімен тығыз байланыста. В.В.Давыдовтың дамыта оқыту жүйесінің көздеген мақсаттары тек баланың белсенділігіне байланысты. Осыған орай, бұл жүйенің әдіс – тәсілдері де оқушының белсенділігін ұйымдастыруды, талдап, көмектесіп отыруды көздейді. Баланың ізденушілік- зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруы дамыта оқытуда басты назарда ұсталады.

Дамыта оқыту технологиясының негізінде сабақ үш құрамдас бөліктен тұрады. Оларды атап айтсақ оқу мақсаттарының қойылуы, шешудің жолдарын бірлесе қарастыруы және шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі – дамыта оқытудың В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Мақсатты талқылау, жинақтау арқылы жүзеге асады. Дамыта оқыту технологиясы-жеке тұлғаны өз бетімен дамыту құралы. Баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқыту. Дамыта оқытуда мұғалім жай ғана мұғалімдік орында емес, жан жақты, танымдық іс әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы, бала интеллектісінің көзін ашуға, шығармашылығын дамытуға, баланың ойлау қабілетін үйрететін ерекше күш болып табылады. Теориялық білімінің жетекші ролі принциптеріне сүйене отырып, оның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдаланып, өз бетімен ізденуге, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерінің оянуына дамуына мүмкіндік беру, рухани дүниесі бай, ойлау дәрежесі биік, елімізге деген, мәдениетімізге, тілімізге сыйластық сезімі мол, адамгершілігі жақсы, сөйлеу мәдениетін жақсы меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары шәкірттерді тәрбиелеу.

Дамыта оқытудың маңыздылығы: Оқушының шығармашылықпен еркін айналысуына, жан-жақты ізденуіне, дамуына жағдай жасау керек.

Дамыта оқытудың тиімділігі: Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, яғни ақыл-ойы мен өзіндік тұжырымы арқылы ғана жаңа тақырыпты саналы түрде меңгеру дағдыларын қалыптастырады. Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойлау қабілетін жетілдірудегі маңызы зор.

Бұл жүйенің басты мақсаты – оқушыларды тек қана дайын біліммен қамтамасыз ету емес, олардың белсенді ойлау, зерттеу, талдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Дамыта оқыту әдістемесі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Осы арқылы оқушылар:

- Креативті ойлауды дамытады: Дамыта оқыту оқушылардың жаңа идеяларды ойлап табуына, альтернативті шешімдер іздеуге мүмкіндік береді. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін арттырады.
- Мәселені шешу дағдыларын меңгереді: Оқушылар нақты мәселелерді шешу барысында ойлау логикасын дамытады, әртүрлі нұсқаларды қарастыру арқылы ең тиімді шешімді табуға дағдыланады.
- Танымдық қызығушылықты арттырады: Оқушыларды жаңа білімге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған, өздерінің білімдерін тереңдетіп, әртүрлі көзқарастарды зерттеуге ынталанады.
- Тұжырымдамалық ойлауды дамыту: Оқушылар күрделі мәселелерді ұғыну және оларды жүйелі түрде шешу үшін өз ойларын нақты әрі түсінікті түрде жеткізу дағдыларын жетілдіреді.
- Топпен жұмыс істеуді үйренеді: Дамыта оқыту әдісі топтық жұмысқа негізделгенде, оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, ой бөлісіп, бірлесіп мәселені шешу арқылы әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Бастауыш мектеп - оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Дамыта оқытудың да басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін - өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін - өзі тануына көмектеседі.

Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері де әр түрлі болады. Әр баланың бір нәрсеге бейімі де жақсы болады. Бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады.

Оқушылардың шығармашылық жұмысын баулытып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін сабақта немесе сабақтан тыс уақыттарда әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолданып дамытуға болады.

Оларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Бір тақырыпты дайындап соған пікірталас тудыру.
3. Логика ойыны арқылы дамыту.

4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (кері есеп құрасмтыру, мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру, т.б.).

5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту.

7. Мінездеме беру ойнаған кейіпкерлерге.

8. Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

9. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Бастауыш сыныптың қай пәнінде мұғалімнің оқушыға деген танымдығын, шығармашылық қабілетін дамыта оқытуы олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, өз ойын ашық, қысылмай жеткізе білуін, ынтасын дамыттыра түседі. Жеке тұлғаның қоғамда беделін көтеруде және оның өз – өзіне баға бере білуіне ықпал етеді. Шығармашылық арқылы әр оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін, танымдық іс-әрекеттері мен дағдыларының дәрежесін көрсетіп береді. Мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім , оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.» деп ұлы ғалым К.Д.Ушинский айтқандай мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Алшынбаева А,Құнантаева Қ «Бәсекеге қаблетті қоғамның негізгі сапалы білім»\Бастауыш мектеп журналы, -№1 2017жыл 3-5 беттер.

2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қурыстарының бағдарламасы. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» екінші негізгі деңгей үшінші басылым. Астана 2012. 4-7 бет.

3. Қозыбай А, Жексенбиева Н. «Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары.» Астана, 2015ж

4. Әлімов Асхат. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы-Алматы 2009жыл, 263 б

5. Тұрсыбаева. Дамыта оқыту технологиясы.

6. Шығармашылық басты мақсат. Р. Омарова. \ Бастауыш мектеп. 2013ж